

Раздел 9. Современные педагогические технологии в профессиональном и социальном образовании

УДК 321.1

**Г. Т. Abdulkakieva,
R. E. Karimova,
Almati**

Мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік-педагогикалық қолдау

Бұл мақала мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған әлеуметтік-педагогикалық қолдау мәселесімен айналысады және қоғамда бейімдеу және оңалту, оларға көмектесу үшін.

Зерттеу, интеллектуалды дамуларында бұзылулары бар балаларға арналған әлеуметтік-педагогикалық қолдау түрлі көзқарастар анықталды, инклюзивті білім берудің өзекті мәселелерін мүмкіндігі шектеулі балалармен түзету жұмыстарын жеке бағдарламасын әзірлеу мәселесін көтерді және денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларға егжей-тегжейлі сипаттама берді.

Мақала аталған санаттағы балалармен жұмыс болашақ мұғалімдерді дайындау қажеттілігі баса назар аударады. инклюзивті білім беру үшін мұғалімдерді даярлау негізінде педагогикалық университеті, мектеп жағдайында түзеу дайын сыйымдылығы және педагогикалық қызметін дамыту жөніндегі нағрavlennaуа ықпал жатыр.

Түйінді сөздер: енгізу, интеграция, қоғам, бейімдеу, оңалту, әлеуметтік және педагогикалық қолдау, түзеу жұмыстары, барлау, инклюзивті білім беру.

**Г. Т. Абилбакиева,
P. E. Каримова,
г. Алматы**

Социально-педагогическая поддержка лиц с ограниченными возможностями

В данной статье рассматривается проблема социально-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями и оказание им помощи в адаптации и реабилитации в социуме. В исследовании раскрываются различные подходы социально-педагогического сопровождения детей с нарушениями интеллекта, поднимается проблема разработки индивидуальной программы коррекционной работы с детьми с ограниченными возможностями, актуальные проблемы инклюзивного образования, а также дана подроб-

ная характеристика детей с отклонениями в здоровье. В статье акцентируется внимание на необходимости подготовки будущих педагогов к работе с вышеназванной категорией детей. На базе Педагогического университета активно внедряется профессиональная подготовка педагогов для инклюзивного образования, направленная на развитие готовности осуществлять коррекционно-педагогическую деятельность в условиях общеобразовательных школ.

Ключевые слова: инклюзия, интеграция, социум, адаптация, реабилитация, социально-педагогическая поддержка, коррекционная работа, интеллект, инклюзивное образование.

**G. T. Abilbakieva,
R. E. Karimova,
Almaty**

Socio-pedagogical support of persons with disabilities

This article deals with the problem of socio-pedagogical support for children with disabilities and to assist them in adaptation and rehabilitation in society. The study revealed different approaches of social and pedagogical support for children with intellectual disabilities, raised the problem of developing an individual program of remedial work with children with disabilities, actual problems of inclusive education and gave a detailed description of children with disabilities in health. The article focuses on the need to prepare future teachers to work with children of the above categories. Based on the training of teachers for inclusive education is being promoted Pedagogical University, napravlennaya on the development of a ready capacity to correctional and pedagogical activity in the conditions of schools.

Key words: inclusion, integration, society, adaptation, rehabilitation, social and pedagogical support, correctional work, intelligence, inclusive education.

Қазіргі таңда біздің өмір сүріп отырған қоғамымызда мүмкіндігі шектеулі балалардың елімізді аландататыны белгілі. Десекте, бұл аталған жандарда өз тіршілігі үшін тағдыр тауқыметімен алысып өмір сүріп жатыр. Жалпы, мүмкіндігі шектеулі балалар – бұл дамуындағы кемістіктер, әлеуметтік жеңілдіктер мен жәрдемақы алуға мүмкіндік беретін, яғни биефицитарлық статуска ие балалар. Дәстүрлі терминологияда бұл балаларды мүгедек балалар деп атайды. Мүмкіндігі шектеулі бала – тіршілік тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам.

Мүмкіншілігі шектеулі баланың тәрбиесі – арнайы педагогиканың негізгі ұғымдарының бірі. Бұл процестің мақсаты мен міндеті жалпы педагогикалық принциптерімен анықталған, яғни оларды қоғамдық пайдалы

өмірге бейімдеу, азаматтық қасиеттерін қалыптастыру, бұлардың бәрі дефектіге сәйкес деңгейде, соған тән әдістемелермен жеткізілуі және түзетілуі тиіс.

Мүмкіндігі шектеулі балалар – өз жасындағы ақыл – ойы дұрыс дамыған қатарларына қарағанда, қабылдау қабілеттері, эмоция және мінез – құлығы, жүріс-тұрысы ерекше болып келеді. Мұндай балалардың дамуында елеулі кемістіктері болады [1].

Осы мүмкіндігі шектеулі жандар қалай білім алады? Келешекте тағдырлары не болмақ?! Біздің көкейімізде осындай сұрақтар туындайды. Дегенмен қазіргі таңда бұл жандарға білім берудің барлық саласында жақсы мүмкіндіктер жасалуда. Елбасының дәстүрлі әрбір жылғы Жолдауында маңызды мәселелердің бірі ретінде – қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірін лайықты қамтамасыз ету, оларға сапалы білім беруді қалыптастыру екені айқын көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» бойынша мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән берілген [2].

Республикада қазіргі қоғам көзқарасын нығайтуына сәйкес мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығы мен мүмкіндіктеріне байланысты арнайы білім берудің мақсат – міндеттері маңызы өзекті мәселе ретінде қарастырылып жатыр. Бұл біздің еліміздегі білім беру саласында жалпы ұлттық қызығушылықты және оған деген әлеуметтік талап ететін жаңа білім беру саясатының нақтылануы мен құрылуы қажет екендігін білдіреді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы арнайы педагогикасының болашақ бағыттарының бірі – инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім беру – бұл мемлекеттің дені сау балалар мен дамуында ақаулары бар балаларды бөлетін тосқауылды жоюға, оқыту үдерісіне барлық баланы тартуға және оларды әлеуметтік оңалтуға бағытталған саясаты. Инклюзивті білім беруді дамыту республикада «Білім беру мемлекеттік бағдарламасында», «Инклюзивті білім беруді дамыту бойынша іс әрекеттер ұлттық жоспарында» және «Мүгедектер құқықтары туралы конвенцияда» көрініс тапты. Инклюзивті білім беру саясатының негізгі мазмұны – барлық балалардың оқуға мүмкіндігі бар, мектеп балалардың бәрін, олардың айырмашылықтарына қарамай қабылдайды және балалардың білім алудың ерекше қажеттілігін қанағаттандыратын барлық жағдайды жасайды деген ұғымды тануда жатыр [3].

Мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғам көзқарасы өзгерген сайын оларға әлеуметтік көмек көрсетудің қолайлы түрлерін іздеуге мүмкіндік тудырады.

Әлеуметтік көмек мүмкіндігі шектеулі балаларға мемлекеттік – әлеуметтік қорғау жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады.

ҚР «Білім туралы» Заңындағы 6 бапқа сәйкес білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті – дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ету. Ал, білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктері бойынша даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедектер және бала кезінен мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтар санатына кіреді. Мемлекет әлеуметтік көмекке мұқтаж Қазақстан Республикасы азаматтарын олардың білім алуы кезеңінде қаржылау шығыстарын толық немесе ішінара өтейді. Әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін және беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды [4].

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың жүріс – тұрысындағы кемшіліктер адамның жеке тұлға болып қалыптасуына, оның жеке қасиеттеріне оқу, бейімделу әрекеттерінің бұзылуын қалыптастырып, баланың үлкендермен, құрдастарымен қарым – қатынасына кері әсер етеді. Балалардың мінез – құлқындағы ауытқулар мен олардың кемшіліктерін жеңілдету мәселелерін педагог – ғалымдар Л. С. Выготский, П. П. Блонский, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский зерттеген. Олар оқуында, тәртібінде ауытқуы бар балаларды оқытудың, тәрбиелеудің маңыздылығын баса көрсеткен, сондай – ақ, баланың біріншіден, қандай да бір іс – әрекетті неге және не үшін орындағанын білуін, екіншіден, жүріс тұрыс ережелері мен нормаларын ешкімнің бұйрығын күтпей, өз қалауымен орындауға тырысуы өте маңызды екенін анықтаған.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру үшін көп еңбек, ұстаздық жылы сезім мен кішіпейілділік керек. Оларға қарапайым түсініктерді жеткізу оңай шаруа емес. Оларға әсер ету жолдары түрліше. Ұстаз ізденісі әр баланың жан-дүниесіне үңіруден басталады. Бұл балаларды зерттеу ол нені жақсы көреді, нені ұнатпайды, кімді құрмет тұтады (кумир), немен айналысқанды ұнатады (хобби) т.б. сияқты сұрақтарға жауап алудан басталады. Оның маңыздылығы бұларды білу сол оқушымен әрі қарай әңгімені өрбітуге көмегін тигізеді, яғни күнделікті ең қарапайым әңгімелесудің өзі қарым-қатынасыңызды нығайтып оның бір сәтке болса да сергіп, көңілі көтеріліп қалуына әсер етеді.

Мүмкіншілігі шектеулі болған себепті баланың және қамқор ата-ананың көп жағдайда агрессивті күйде жүретінін естен шығармаған жөн. Олар педагогтарға және әлеуметтік қызметкерлерге сеніммен, үмітпен қарайды. Содықтан бұл балаларды қатаң талап қою арқылы үйрету тиімсіз, тіпті қауіпті болуы да мүмкін. Ал олардың басы әр түрлі ойдан бос болмағандықтан тек жүрек арқылы жол табуға болады.

Сонымен қатар, мұндай балаларды оқыту үшін бірінші кезекте арнайы білім беру мекеме педагогтері мүмкіндігі шектеулі балаларды өзінің эмоциясымен қызықтыруы керек деп ойлаймын. Эмоционалды тұрғыдан берілген сабақ мүмкіндігі шектеулі балалардың бүкіл берілген мағұлматты тез қабылдап, оны есіне сақтап қалуына әсерін тигізеді. Сондықтан да сабақтарда қойылымдарды қолдану, әуенді пайдалану, сурет салғызу яғни арттерапия әдістемесі мүмкіндігі шектеулі баланың жан – жақты ашылуына көп көмегін тигізеді. Ал, топпен жұмыста мүмкіндігі шектеулі балалардың саны мүмкіндігінше жұп болуы шарт. Себебі, мүмкіндігі шектеулі балалар жұп – жұпқа бөлінеді де, біреулері жұпсыз қалып кетеді. Мұның өзі баланың психикасына кері әсерін тигізеді. Ал, сабақ арасында демалыстар немесе сергіту сәттері, ойындар міндетті түрде жүргізілуі тиіс. Осы кездегі ең қиыны – баланың танымдылық қабілетін арттыру. Егер ондай қабілеттері болмаған күнде баланың оқуға деген қызығушылығын туғызу қиын болады. Бұл олардың танымдық қабілеттері мүлдем дамымай қалады деген сөз емес, шала күйінде қалады деген сөз.

Міне, осы кезде баламен ойын терапиясын жүргізу керек. Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық ойындар көмегімен дене кемістігін қалпына келтіріп, мүмкіндігінің деңгейін төмендетуді мақсат ете отырып, халқымыздың ұлттық ойындарымен қоса коррекциялық ойындардың жаңа түрлерін қолдану қажет. Коррекциялық ойындар баланың психикалық саулығын сақтау мен нығайтуда аса маңызды рөл атқарады. Себебі, мүмкіндігі шектеулі бала ойын барысында жеңіске жетуге тырысады да, берілген тапсырманы тиянақты орындап шығады. Ал, ойын барысында әр түрлі әрекет болғандықтан, қиындық туған кезде мүмкіндігі шектеулі баланың жеңістен де бас тартатын кездері болады. Сол кезде көмекке әлеуметтік педагогтің өзі келуі қажет. Көмек арқылы жеңістің дәмін сезіп, мүмкіндігі шектеулі бала екінші қайтара жеңілмеуге бел буады. Сонымен жеңіс енді мүмкіндігі шектеулі баланың мақсат қоюына ықпал етеді, күнделікті іс – әрекетке айналады. Яғни, мүмкіндігі шектеулі баланың мотиві екінші жоспарға айналып, іс – әрекет бірінші жоспарға шығады.

Бұдан кейін мүмкіндігі шектеулі бала өзінің тапсырманы орындай алатынына сенімділігі артып, осындай жұмыстарды жасауға қызығушылығы көбейе түседі. Ол көз алдында өсіп, жаңа іс – әрекеттерді жасауға құлшынып, білімнің немесе оқудың субъектісіне айналады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қожақова Г. Мүмкіндігі шектеулі балалар психологиясы. Мектептегі психология. – 2008. – №4. – С. 15-17.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы

3. Инклюзивті білім беруді дамыту бойынша іс әрекеттер ұлттық жоспары. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
4. Әлеуметтік педагогика және өзін – өзі тану № 2. 2012ж.

УДК 371

**И. Г. Доценко,
г. Екатеринбург**

Законы неформального образования в образовании профессиональном

Работа выполнена в рамках государственного задания Министерства образования и науки РФ № 2.76.2016/н.м. на выполнение проекта по теме «Научно-методологическая, организационная и информационная поддержка реализации концепции кадрового обеспечения системы среднего профессионального образования».

В статье констатируются законы неформального образования. Основанием для их формулирования служат теории социальной педагогики и лично-ностно ориентированного управления, а также феноменологическое обращение к литературным произведениям. Активизация в трудовых сообществах неформального образования позволяет повысить эффективность работы организации, что служит стимулом для активизации неформального образования в системах СПО и ВО.

Ключевые слова: неформальное образование, законы, социальная педагогика, профессиональное образование

**I. G. Dotsenko
Yekaterinburg**

The rules of informal education in vocational education

The article investigates the rules of informal education. The rules are formulated on the base of social pedagogics and personal-oriented management. The phenomenological approach to literary text is also used in the article. The intensification of educational processes in different organizations is effective and helps to activate informal education in colleges as well. Special attention is paid to the training of students to design a developing environment.

Key words: informal education, rules, social pedagogics, vocational education

Современное общество называют обществом знания, одна из особенностей его в том, что создание нового знания не ограничивается механической переработкой объективной информации. Инновации в организациях зависят от скрытых воззрений, ощущений и смутных догадок сотрудников: «И для